

ӘОЖ 339.924

С.Ж. Айдарбаев*, Г.С. Қалтай

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан, Алматы қ.

*E-mail: aisaj@mail.ru

Еуразиялық экономикалық қауымдастықты құру туралы Астана шартының қабылдануы және ЕурАзЭҚ-тың бастапқы қадамдары

Қазақстан Республикасының ЕурАзЭҚ мемлекеттерімен экономикалық ынтымақтастығы сыртқы саясаттың негізгі басымдықтарына айналды, өйткені Қазақстан мен Қауымдастықтың өзге де елдері экономикаларының тұрақты дамуын қамтамасыз етуге байланысты, олардың экономикалық қауіпсіздік деңгейінің көтерілуі кепілдігі болып отыр.

Қауымдастық шеңберінде ұлттық экономикалар міндеттерінің бірдей болуына және олардың бірін-бірі толықтырып отыруына негізделген терең интеграцияланған экономикалық жүйенің құрылуы, ЕурАзЭҚ халықаралық құқықтық негізінің даму деңгейіне де байланысты.

ЕурАзЭҚ шеңберіндегі интеграция еркін сауда аймағы сатысынан өтіп, кеден одағын құру сатысына тіреліп тұр. Кеден одағы бастапқы кезде үш мемлекет арасында (Қазақстан, Ресей, Белоруссия) 2010 жылы құрылмақ, одан кейін оған Қырғызстан мен Тәжікстан дайындық сатысынан өткеннен кейін қосылмақ. Кеден Одағынан кейінгі келесі интеграция сатысы – бірыңғай нарықты құру, одан кейін толық экономикалық одақтың құрылуы.

Түйін сөздер: ұйым, кеңістік, Кеден одағы, интеграция.

S.J. Aidarbaev, G.S. Kaltai

The adoption of the treaty on creation of EAEC and the initial activity of EAEC

The Republic of Kazakhstan and member-states of the economic community has become the significant part of the foreign policy, because Kazakhstan and members of the community providing development of economy increased the level of security.

In the frame of the community the national economy must be identified and complementary basic to create deep intergration system, to depend on the development of international law of EAEC.

Integration in the frame of EAEC overstepped the stage of free trade zone and approaches to the development of the Customs Union. The Customs Union initially was planned only for the Republic of Kazakhstan, Belarus and the Russian Federation in 2010, but Kyrgyzstan and Tajikistan planned to join after preparatory stage.. The next stage of integration was in developing single market and a single economic area.

Kew words: organization, area, Customs Union, intagration.

С.Ж. Айдарбаев, Г.С. Калтай

Принятие договора о создании ЕврАзЭС в Астане и начальные действия ЕврАзЭС

Республика Казахстан и государства-члены экономического сообщества ЕврАзЭС превратились в привелирующую основу внешней политики, так как Казахстан и члены сообщества, в связи с обеспечением развития экономики повысили уровень гарантии безопасности.

В рамках сообщества национальная экономика обязана быть единичной и взаимодополняющей основой создания глубокой интеграционной системы, зависит от основы развития международного права ЕврАзЭС.

Интеграция в рамках ЕврАзЭС перешагнула стадию свободной торговой зоны, и приближается к развитию таможенного союза. Таможенный союз изначально планировался развиваться между странами СНГ (Казахстан, Россия, Беларусь) в 2010 году, а Республика Кыргызстан и Таджикистан планировали вступить после подготовительной стадии. Следующая стадия интеграции Таможенного союза заключалась в развитии единого рынка с последующим развитием единого экономического пространства.

Ключевые слова: организация, пространство, Таможенный союз, интеграция.

2000 жылдың 10 қазанында Астанада Белоруссия, Қазақстан, Қырғызстан, Ресей және Тәжікстан президенттерімен Еуразиялық экономикалық қауымдастықтың құрылуы туралы Шартқа қол қойылды [1]. Бұл Шарт бес мемлекеттің ынтымақтастығын сапасы жағынан жаңа деңгейге көтерді, алдында қыбылданған құжаттарда белгіленген мақсаттарға жету үшін бірлестіктің құқықтық және ұйымдық ресімдерінің нысаны болды.

Шартқа қол қойған мемлекеттер Еуразиялық экономикалық қауымдастық (бұдан әрі ЕурАзЭҚ немесе Қауымдастық) деп аталатын жаңа халықаралық ұйымды құрды.

Басты міндет – 1995 жылғы Кеден одағы туралы Келісімде [2], 1996 жылғы Экономикалық және гуманитарлық салалардағы интеграцияны тереңдету туралы Шартта [3] және 1999 жылғы Кеден одағы мен Бірыңғай экономикалық кеңістік туралы Шартта [4] белгіленген сатылар бойынша осы құжаттарда бекітілген мақсаттарға жету.

Астанадағы мәжілістің нәтижелері бойынша қабылданған Еуразиялық экономикалық қауымдастықты құру туралы Мәлімдемеде бес мемлекеттің басшылары:

– Қауымдастықтың басымдықтарын кеңейтілген түрде белгіледі;

– ұйымның басты мақсаты ЕурАзЭҚ шеңберінде толық қанды кеден одағы мен бірыңғай экономикалық кеңістік құру екендігін тағы да мәлімдеді;

– ЕурАзЭҚ қалыптасуы ынтымақтастықтың ұйытқысы және ТМД шегіндегі жалпы форматтағы өзара әріптестікті белсендірудің қозғағышы болатынына сенім білдірді;

– ұйымның мақсаттары мен қағидаларына келісетін және өз мойнына тиісті міндеттерді алуға дайын мемлекеттер үшін ұйымның есігі ашық екендігін жариялады.

Бұл ұстаным, әрине, Достастықтағы көп деңгейлі және түрлі жылдамдықтағы интеграция тұжырымдамасына толығымен сәйкес келетінін айтып кетейік.

2001 жылдың 31 мамырында өткен ЕурАзЭҚ Мемлекетаралық Кеңесінің бірінші мәжілісінде Қауымдастық механизмінің қызмет етуін қамтамасыз ететін бірінші кезектегі құжаттар қабылданды (Мемлекетаралық Кеңес туралы Ереже, Интеграциялық комитеттің Ережесі, Тұрақты өкілдер Комиссиясы туралы Уақытша

Ереже, Бюджеттің қалыптастырылуы мен орындалу тәртібі туралы Ереже, ЕурАзЭҚ лауазымды адамдары мен қызметкерлері туралы Ереже және т.с.с.), ЕурАзЭҚ артықшылықтары мен иммунитеттері туралы Конвенцияға қол қойылды және Қауымдастықты қалыптастыру бойынша Шаралар бекітілді.

2002 жылдың 13 мамырында Мәскеуде мемлекет басшылары деңгейіндегі ЕурАзЭҚ Мемлекетаралық Кеңесінің екінші мәжілісі болды [5].

Орталық мәселе ұлттық экономикалардың шығындарын барынша төмендету мақсатында Дүниежүзілік Сауда Ұйымына кіру кезіндегі ЕурАзЭҚ қатысушы мемлекеттердің іс-әрекеттерін үйлестіру мәселесінің талқылануы болды. Ресейдің ДСҰ-ға кіру шарттары ЕурАзЭҚ басқа қатысушы елдері үшін негіз ретінде қабылданып, ДСҰ-ға кіру бойынша келіссөздер кезінде барынша ескерілу тиістігі жөнінде шешім қабылданды. Мұның себебі – саяси және экономикалық салмағы бар Ресейге кірудің жағымды шарттарына қол жеткізу жеңілдеу болатыны ескерілді (яғни, көп ескертпелердің болмауы, бейімделу кезеңінің барынша созылуы және т.с.с.).

Мемлекетаралық Кеңестің мәжілісінде өзара саудадағы арнайы қорғау, демпингке қарсы және өтемдік шараларды қолданбау жағдайындағы ішкі нарықтарды қорғау шаралары, көлік тарифтерін келісімге келтіру және Көлік одағын құру, бірыңғай шекаралық саясатты жүргізу мәселелері талқыланды.

ЕурАзЭҚ Мемлекетаралық Кеңесінің мемлекет басшылары деңгейіндегі екінші мәжілісінде басқа құжаттар ішінде Молдавия мен Украинаға Қауымдастық жанында байқаушы мәртебесін беру жөнінде шешім қабылданды.

2005 жылы ЕурАзЭҚ құрамына мүше болып кіріп, 2007 жылы оның құрамынан шығып кеткен Өзбекстанды да атап кетейік.

Қазіргі кезде Қауымдастық қызметіне қатысу жағынан ТМД-ң басқа да мемлекеттері қызығушылық білдіреді.

Жалпы алғанда ЕурАзЭҚ қатысушы елдер санының көбеюін оң қабақпен қабылдай отырып, ЕурАзЭҚ мемлекеттері бұл процесті жасанды тездетуге талпынбайды. Мұның себебі ЕурАзЭҚ құрамына кіргісі келген мемлекеттер оған қатысуға байланысты барлық міндеттемелерді, оның ішінде ең алдымен сыртқы экономикалық

саясат саласындағы міндеттемелерді толығымен қабылдауға дайын болуы керек.

2002 жылдың шілде айында Бішкекте өткен ЕурАзЭЖ Интеграциялық Комитетінің VI мәжілісінде Қауымдастықтың одан әрі дамуына қатысты 30-ға жуық мәселе қарастырылды. Мәжіліске қатысушылар интеграциялық «бестіктің» шарттық-құқықтық қана емес, нақты экономика секторында да бірігу процестерін жеделдетуге мүмкіндіктері бар екендігін бір ауыздан қабылдап мойындады.

2002 жылдың 20 қыркүйегінде Астанада өткен ЕурАзЭЖ Мемлекетаралық Кеңесінің үкімет басшылары деңгейіндегі кезекті мәжілісінде сауда-экономикалық және гуманитарлық салалардағы ынтымақтастықты одан ары дамыту, Қауымдастықтың сыртқы шекараларын қорғау міндетінің орындалу, кедендік және салықтық органдар жұмысын жетілдіру мәселелері қарастырылды.

Экономикалық мәселелер блогы бойынша ортақ кедендік тарифті қалыптастыру жұмысының жүруі талқыланды, ДСҰ құрамына кіру кезіндегі келіссөздердегі мемлекеттердің ұстанымдарын үйлестіру және унификациялау бойынша қадамдар келісімге келтірілді, ЕурАзЭЖ аумағындағы жеке тұлғаның бірыңғай салықтық куәлігі туралы Ереже бекітілді. Сонымен қатар сыртқы экономикалық қызметтің ортақ тауарлық номенклатурасы мен жаппай ақпаратты таратудағы ынтымақтастық туралы келісімдерге қол қойылды.

Мәжіліске қатысушылар Қазақстан Президенті Н. Назарбаевтың 2003 жылдың басында ЕурАзЭЖ шеңберіндегі интеграциялық ынтымақтастықты дамытуға арналған кеңейтілген бизнес-форум өткізу қажеттілігі жөніндегі бастамасын қолдады.

Мұндай Форумның өткізілу қажеттілігі ЕурАзЭЖ мүше-мемлекеттерінде – Беларусь Республикасында, Қазақстан Республикасында, Қырғыз Республикасында, Ресей Федерациясында, Тәжікстан Республикасында – бірыңғай экономикалық кеңістікті құру бағытында өтіп жатқан белсенді экономикалық реформалармен және өзара интеграция мәселелерін шешудегі тәжірибемен алмасудың өзектілігімен түсіндірілді.

Форум 2003 жылдың 19-20 ақпанында Мәскеу қаласында өтті. Бұл Форумның мақсаттары төмендегідей болды:

– экономикалық интеграцияны тереңдету негізінде Қауымдастыққа мүше мемлекеттердің экономикаларының тұрақты дамуына қолдау көрсету;

– нарықтық реформалардың келісімге келтірілген саясатын жүзеге асыру;

– ЕурАзЭЖ іскерлік топтарының ынтымақтастығын барынша кеңейту;

– жобалар мен даму бағдарламаларын қаржыландыру үшін инвестициялар тарту;

– ЕурАзЭЖ мемлекеттерінің әлемдік экономикалық жүйеге енуі үшін біріккен іс-әрекеттерді жоспарлау;

– Қауымдастыққа мүше болып табылатын барлық мемлекеттердің халықтарының өмір сүру жағдайын жоғарылату мен тұрақты экономикалық өсімге жету бойынша іс-шараларды дайындау және талқылау.

Форумға мемлекет және үкімет басшыларының, ЕурАзЭЖ мемлекеттері парламенттерінің, министрліктері мен ведомствалары өкілдерінің, қаржылық және кәсіпкерлік ұйымдардың басшыларының, белгілі ғалымдар мен қоғам қайраткерлерінің қатысуы оның маңыздылығын көрсетті және билік пен бизнес өкілдерінің Қауымдастық шеңберіндегі тауарлардың, қызметтердің, капиталдар мен жұмыс күшінің еркін қозғалуына көмектесетін жағымды экономикалық жағдайды қалыптастыру динамикасының жеткіліксіз болып отырғанын байқатты.

Экономикалық форум шеңберінде жеті «дөңгелек үстелдің» жұмысы ұйымдастырылды және олардың үстінде экономиканың нақты секторындағы мәселелер мен ғылыми және өнеркәсіптік потенциалды тиімді пайдалану мәселелері, ЕурАзЭЖ мүше-мемлекеттердің ДСҰ мүше болуына байланысты өзара саудасаттық, тауарларды өндіру мен қызметтер көрсету мәселелері, интеграцияның валюталық-қаржылық тұстары, кедендік және көлік мәселелері, жанармай және энергетикалық секторлардағы өзара пайдалы ынтымақтастық мәселелері, сондай-ақ Қауымдастықтың ортақ ақпараттық кеңістікті қалыптастырудағы бұқаралық ақпарат құралдарының рөлі мен мүмкіндіктері кең де терең талқыға алынып, қарастырылды.

Форумға қатысушылар сауда-экономикалық әріптестікті тереңдетудегі жағымды қадамдарға көңіл бөлді, нақты атап айтқанда, олар:

– ЕурАзЭҚ мүше-мемлекеттерінің ұлттық мүдделер тепе-теңдігі негізінде мемлекетаралық экономикалық ынтымақтастықты жаңа сапалы деңгейге көтеруге арналған Еуразиялық экономикалық қауымдастықтың құрылуы;

– ЕурАзЭҚ мүше-мемлекеттерінің аумағында өндірілген тауарларға қатысты өзара сауда-саттықтағы шектеулер мен кеден баждарын алып тастау жағынан ЕурАзЭҚ мүше-мемлекеттер арасындағы еркін сауда режимінің жүзеге асырылуы;

– Қауымдастыққа мүше-мемлекеттердің шаруашылық субъектілері үшін сауда, салық, валюталық және кедендік заңнама жағынан тең жағдай жасаудың құқықтық негізін орнатқан ЕурАзЭҚ шеңберінде бірқатар мемлекетаралық және үкіметаралық шешімдердің қабылдануы;

– кеңесуші-үйлестіруші органдардың тиімді қызмет етуі: салық органдарының, кедендік органдардың, энергетикалық саясат бойынша, сауда-тарифтік мәселелер бойынша, көлік саясаты бойынша, орталық (ұлттық) банктер басшыларының, құнды қағаздар нарығын реттеу бойынша кеңестер мен комиссиялардың тиімді қызмет етуі.

Форумға қатысушылар «дөңгелек үстелдер» жұмысының қорытынды нәтижелерін мақұлдады және келесі шаралардың қабылдануын қажетті деп тапты:

– мемлекетаралық қарым-қатынастардың жалпы және ұйымдық мәселелерінен интеграцияның тәжірибелік мәселелерін шешуге өту, ЕурАзЭҚ мүше-мемлекеттерінің іскерлік топтарының өкілдерін интеграциялық процестерге кеңірек тарту;

– Қауымдастық елдері арасындағы пайда әкелетін бизнесті жүргізу мен капиталдардың қозғалысына көмектесетін жағымды экономикалық шарттарды қалыптастыруды белсендіру;

– Біріккен инновациялық және инвестициялық жобалар мен бағдарламаларды жүзеге асыру негізінде экономикалардың құрылымдық қайта құрылуын жүзеге асыруда өзара әріптестікті жылжыту;

– Біріккен бағдарламалар мен жобаларды қаржыландыру механизмдерін, оның ішінде Қауымдастық бюджетінен қаржыландыру, бюджеттен тыс қаражаттарды тарту арқылы қаржыландыру механизмдерін ойластыру;

– интеграциялық процестердің дамуының тұжырымдық негіздері мен ғылыми-әдістемелік тәсілдерін дайындауға Қауымдастықтың ғылым өкілдерінің ынтымақтастығын кеңейту;

– ЕурАзЭҚ органдарының басшылығымен халықаралық ғылыми конференцияларды, семинарларды, сондай-ақ Қауымдастық елдерінің өндірушілерінің көрмелері мен жәрмеңкелерін үнемі өткізіп отыру;

– ЕурАзЭҚ мүше-мемлекеттерінің өзара сауда-саттығында арнайы қорғау, демпингке қарсы және өтемдік шаралардың қолданылмауы жағдайында Қауымдастық елдерінің ішкі нарықтарын қорғау механизмдерін дайындау;

– ЕурАзЭҚ қатысушы мемлекеттерінің ДСҰ құрамына кіру кезіндегі ұстанымдары мен міндеттемелерін келісімге келтіру кезінде олардың өзара әрекеттерін қамтамасыз ету;

– ұлттық валюталардың валюталық бағамдарын келісімге келтіру механизмін дайындау;

– ЕурАзЭҚ ортақ төлем жүйесін құру;

– ЕурАзЭҚ мүше-мемлекеттерінің шаруашылық субъектілері үшін тең жағдай қалыптастыру мақсатында ЕурАзЭҚ мүше-мемлекеттерінің сауда, салық, валюталық және кедендік заңнамаларын гармонизациялау бойынша жұмыстарды жалғастыру;

– ЕурАзЭҚ мүше-мемлекеттерінің Көлік одағын қалыптастыру бойынша, бірыңғай темір жол тарифтерін қолдану қағидаларын келісімге келтіру бойынша жұмысты белсендіру;

– Бірыңғай экономикалық кеңістікті құру және ұлттық экономикаларының тұрақты дамуын қамтамасыз етудің басты факторлардың бірі ретінде ЕурАзЭҚ мүше-мемлекеттерінің энергетика саласындағы интеграцияны тереңдету;

– әрбір мүше-мемлекеттің және жалпы Қауымдастықтың мүдделерін ескере отырып, ортақ аграрлық нарық пен оның инфрақұрылымының қалыптастырылуын белсендіру;

– «ЕурАзЭҚ-тың Іскерлік Кеңесі» Ассоциациясы жанында тәжірибелік сипаттағы зерттеулерді ұйымдастыру, экономиканың әртүрлі секторларындағы интеграциялық ынтымақтастық технологияларын сыннан өткізу және тарату үшін коммерциялық емес консалтингтік орталықты ашу мүмкіндігін қарастыру;

– Қауымдастық мемлекеттерінде интеграциялық процестерді тиімді ақпараттық

қамтамасыз ету мәселесін шешуге бағытталған арнайы мамандандырылған бұқаралық ақпарат құралдарын құру.

Сонымен қатар Қауымдастық елдерінің интеграциялық ынтымақтастығын одан әрі дамыту бағытында билік пен бизнестің нақты іс-әрекеттері де жоспарланды, атап айтқанда:

- Қауымдастық елдеріндегі әуе қозғалысын ұйымдастырудың бірыңғай жүйесін құру жобалары бойынша ұсыныстар;

- Қауымдастық елдерінің қалалық электр көлігіндегі қажеттіліктерін бірігіп қанағаттандыру және өндіру;

- Қырғызстандағы воластанит пен мәрмәр тас кен орындарын игеру;

- Тәжікстанның жеңіл және кен өнеркәсіптерін дамыту;

- Ресейлік-белорустық «Қорғаныс жүйелері» («Оборонные системы») халықаралық қаржылық-өнеркәсіптік топтың негізінде ЕурАзЭҚ елдерінің қорғаныс кешені кәсіпорындарының қатысуымен мемлекетаралық қаржылық-өнеркәсіптік топ құру;

- халықаралық «Солтүстік-Оңтүстік» көлік дәліздерін құру бойынша жұмысты белсендіру және екінші Панеуропалық дәлізді Қазақстан-Қытай бағытында созу;

- Еуропалық Одақта қолданып келе жатқан «екі шекара – бір тоқтау» жүйесін ЕурАзЭҚ елдерінде кеңінен тарату;

- Қырғызстан мен Тәжікістан аумақтарындағы гидроэлектр-станциялар құрылысын

Қазақстан мен Ресей кәсіпорындарының қатысуымен аяқтау;

- Интеграциялық Комитет жанында Қауымдастық елдерінің жаппай коммуникациялар ведомстволарының, ЕурАзЭҚ елдерінің ірі бұқаралық ақпарат құралдары басшыларының қатысуымен Ақпараттық саясат бойынша Кеңес құру;

- Халықаралық (Еуразиялық) газ альянсын құру және құқықтық тұрғыдан ресімдеу;

- Аграрлық саясат бойынша Кеңес құру;

- болашақта Қауымдастықтың ортақ валютасын енгізу қажеттілігін ескере отырып, валюталық интеграцияның негізгі сатыларын белгілеу;

- Қауымдастық елдерінің экономикалық дамуы негізгі көрсеткіштерінің белгілерін келісімге келтіру (инфляция, бюджеттік дефицит, ұлттық валюталар бағамының өзгеру шектері және т.б.).

2003 жылдың 27 ақпанындағы ЕурАзЭҚ Интеграциялық Комитетінің мәжілісінде Бірінші Экономикалық Форумның Декларациясы және Форумның нәтижелері жөнінде ЕурАзЭҚ Бас хатшысының ақпараты ескерілді, бұл мәселе бойынша үкіметтер деңгейіндегі ЕурАзЭҚ Мемлекетаралық Кеңес шешімінің жобасы мақұлданды.

Жұртшылықты, шағын, орта және ірі бизнес өкілдерін кеңінен тарту арқылы өткізілетін осындай форумдар ЕурАзЭҚ шеңберіндегі ынтымақтастықтың қаншалықты маңызды екендігін тағы да дәлелдейді.

Әдебиеттер

1. Договор об учреждении Евразийского экономического сообщества (г. Астана, 10 октября 2000 года) // Айдарбаев С.Ж. Интеграционные процессы на постсоветском пространстве: сборник международно-правовых документов. – Алматы: Қазақ университеті, 2007. – С.118-123.

2. Соглашение между Российской Федерацией и Республикой Беларуссией о Таможенном союзе // Собрание законодательства Российской Федерации. – 4 ноября 1996 г. – №45. – Ст. 5057.

3. Договор об углублении интеграции в экономической и гуманитарной областях от 29 марта 1996 года // Айдарбаев С.Ж. Интеграционные процессы на постсоветском пространстве: сборник международно-правовых документов. – Алматы: Қазақ университеті, 2007. – С. 97-101.

4. Договор о Таможенном союзе и Едином экономическом пространстве от 26 февраля 1999 года // Айдарбаев С.Ж. Интеграционные процессы на постсоветском пространстве: сборник международно-правовых документов. – Алматы: Қазақ университеті, 2007. – С.101-113.

5. Мемлекет басшылары деңгейіндегі ЕурАзЭҚ Мемлекетаралық Кеңесінің екінші мәжілісінің материалдары (2002 жыл 13 мамыр, Мәскеу) // Официальный сайт: 2005-2013 «Евразийское Экономическое Сообщество» www.evrazes.ru

References

1. Dogovor ob uchrezhdenii Evraziiskogo ekonomicheskogo soobshstva (g.Astana, 10 oktyabrya 2010 goda) // Aidarbaev S.J. Integracionnye processy na postsovetskom prostranstve: sbornik mezhdunarodno-pravovyh dokumentov. – Almaty: Kazak universiteti, 2007. – S. 118-123.
2. Soglashenie mezhdru Rossiiskoi Federaciei i Respublikoi Belorussiei o Tamozhennom soiuze//Sobranie zakonodatel'stva Rossiiskoi Federacii.-4 noyabrya 1996 g. – 45. – S. 5057.
3. Dogovor ob uglublenii integracii v ekonomicheskom i gumanitarnoi oblastyah ot 29 marta 1996 goda// Aidarbaev S.J. integracionnye processy na postsovetskom prostranstve: sbornik mezhdunarodno-pravovyh dokumentov. – Almaty: Kazak universiteti, 2007. – S. 97-101.
4. Dogovor o Tamozhennom soiuze i Edinom ekonomicheskom prostranstve ot 26 fevralya 1999 goda// Aidarbaev S.J. Integracionnye processy na postsovetskom prostranstve: sbornik mezhdunarodno-pravovyh dokumentov.-Almaty:Kazak universiteti, 2007. – S.101-113.
5. Memleket basshylary dengeindegi EurAzEK Memleketaralyk kenesinin ekinshi mazhilisinin materialdary (2002 jyl 13 mamyr, Maskeu)// www.cyrazes.ru